

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 08 сәуірдегі
№12 шешімімен бекітілген,
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының
1-Қосымшасы**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

1. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына сәйкес Қорда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу мақсатында әзірленген.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қордың қызметкерлеріне және барлық деңгейдегі жетекшілеріне олар өздеріне тиесілі функцияларын жүзеге асыру барысында мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықты және моральдық бағдарлар жүйесін жасау жолымен Қорда жемқорлықтың барлық көріністеріне деген төзімсіздік атмосферасын қалыптастыруға бағытталған.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:
 - 1) заңдылық;
 - 2) транспаренттілік (ашықтық);
 - 3) әдептілік;
 - 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау және оларды жемқорлық көріністерден қорғау;
 - 5) мүдделер қайшылығына жол бермеу.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қордың қызметкерлеріне келесі мінез-құлық ережесін белгілейді:
 - 1) заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын, Қазақстан Республикасы заңдарының және басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң түрде ұстану;
 - 2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандығының және заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;
 - 3) өз тарапынан Қордың беделін түсіруі мүмкін әрекеттердің жасалуына жол бермеу;
 - 4) тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерді орындау барысындағы жеке мүдделілік, жемқорлық әрекетке және сыйлықтар алуға көндіру туралы баяндау;
 - 5) қызметтік міндеттерді атқару барысында жеке және/немесе пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

6) әріптестерге және басшыларға белгіленген өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын, заңсыз өтініштермен жүгінбеу, өйткені бұл оларға әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін;

7) басқа қызметкерлерді жемқорлық құқық бұзушылық әрекеттер жасауға көндірмеу және мұндай әрекеттерді құптамау;

8) қызметтік өкілеттікті орындауға байланысты сыйлықтар алмау;

9) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, таратылуға жатпайтын құпия және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

10) лауазымға, егер ол жақын туыстық және отбасылық қатынастағы адамдармен (ата-аналар, жұбайлар (зайыптар), аға-іні, әпке-сіңлі, балалар, жекжаттар (жұбайдың (зайыптың) аға-інісі, әпке-сіңлісі, ата-анасы және балалары)) тікелей бағыныштылыққа немесе бақылауға алуға байланысты болса, ондай тағайындаудан бас тарту;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда және жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

12) орындауға алынған өкімнің заңдылығына қатысты туындаған күмәндар туралы тез арада тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлау;

13) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

14) әріптестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауына қолдау көрсету және оны талап ету;

15) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ Қордың басқа да мүліктерін жеке мақсатқа пайдаланбау;

16) кәсіпкерлік қызметпен айналысу ниеті немесе нақты айналысатыны туралы комплаенс-бақылаушыға және Қордың қызметкерлер құрамымен жұмыс жасайтын бөліміне хабарлау.

5. Барлық деңгейдегі басшылар қоластындағы қызметкерлерге қатысты:

1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, адалдықтың үлгісін, тұлғаның ары мен абыройына құрметпен қарау үлгісін танытауға;

2) туыстық немесе басқа да қасиеттер, жерлестік, жеке басқа адалдық нышандары бойынша жұмысқа жалдауға және қызметкерлерді орналастыруға жол бермеуге және жұмысқа жалдау және қызметкерлерді орналастыру барысында меритократияның сақталуын қамтамасыз етуге;

3) бағынышты қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктерін дәл белгілеуге, бағынышты қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін теңсіз үлестіруге жол бермеуге;

4) бағынышты қызметкерлердің көрсеткен қызметтерінің нәтижелерін бағалауда шынайылық танытуға, сондай-ақ ынталандыру шаралары мен жазалау шараларын қолдануға;

5) әріптестерге қатысты негізсіз айып тағуға, дөрекілік танытуға, қадір-қасиетін кемсітуге, әдепсіздік және жөнсіздік танытуға жол бермеуге;

6) бағынышты қызметкерлерді жемқорлық және басқа да құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрlemeуге;

7) басқа қызметкерлер тарапынан қызметтік әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеуге немесе жол бермеу бойынша басқа да шаралар қабылдауға;

8) бағынышты қызметкер өздеріне тиесілі қызметтік міндеттерін орындау барысында онда туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша дер кезінде толыққанды шаралар қабылдауға;

9) бағынышты қызметкерлердің жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелейтін себептер мен шарттарды жоюға;

10) кемсітушіліктің кез келген нышанына және қызметкерлердің ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылыққа жол бермейтін, қолайлы моральдық-психологиялық атмосфераны қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауға;

11) бағынышты қызметкерлерге өзінің мінсіз мінез-құлқымен үлгі көрсетуге міндетті.